

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

прекрасными природными условиями, а также множеством мест, связанных с жизнью и деятельностью различных исторических личностей.

Казахстан обладает благоприятными климатическими условиями, разнообразным рельефом и хорошей экологией: заснеженные вершины, горные реки, степи, сосновые леса, зеркальные озера, множество национальных парков. Кроме того, Казахстан славится своим историческим прошлым: мавзолеи и исторические города, сохранившиеся благодаря бережному отношению к памятникам архитектуры. Таким образом, можно с уверенностью сказать, что Казахстан представляет с собой перспективный рынок в плане ведения туристической деятельности и обладает огромным потенциалом для дальнейшего развития туризма. Природа щедро одарила эти края редкой красотой, здесь есть все, что может интересовать туриста. Туриндустрия Казахстана дает прекрасную возможность ознакомиться с ее культурными и историческими достопримечательностями, многие из которых сохранились в первозданном виде. Помимо огромного количества памятников первобытных времен, свидетельствующих о стремлениях к изобразительному искусству в давние времена, на основании сохранившихся на территории Казахстана документов исторической эпохи можно до малейших деталей проследить развитие архитектуры, скульптуры, живописи и других видов художественного творчества целого тысячелетия.

Таким образом, для развития туристской индустрий, а также формирования туримиджа Республики Казахстан важно продвигать рынок посредством передовых коммуникативных технологий, такие как социальные сети, блоги и видео-площадки, а также предоставление обширной информации туристского потенциала Казахстана на официальных веб-ресурсах(интернет-сайтах) как локально, так и глобально по всему миру.

Список использованных источников:

1. Бондаренко Т.Н., Основные направления развития туризма в Республике Казахстан, Матеріали ІІІ міжнародної науково-практичної конференції "Індустрія гостинності в країнах Європи". - 4-6 грудня 2009 р. Сімферополь: ВіТроПринт, 2009.- 176 с. - С.28-31.
2. <http://stat.gov.kz/> - официальный сайт Министерства Национальной Экономики Республики Казахстан, Комитет по Статистике
3. <http://egov.kz/> - Электронное Правительство Республики Казахстан
4. <http://kapital.kz/> – деловой портал, информирующий о событиях в экономике, бизнесе и финансах в Казахстане и за рубежом.
5. <http://dep-turizm.mid.gov.kz/> - Департамент Индустрии Туризма

ӘӨЖ: 338.486

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ТУРИСТІК ЭКСКУРСИЯСЫНЫҢ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

Жанғожин Мейіржан
meirzhangozhin@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультетінің, туризм
мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С. Рустемова

Қазақстанның жиырма төрт жылда қол жеткізген табыстары, тату-тәтті өмір сүріп жатқан тұрғындардың достық қарым-қатынасы, ынтымақ – бірлігі, отансүйгіштігі, елжандылық сезімдері ой арқауына айналған. Тарихымен табиғаты, сәулетімен бүкіл тіршілігі дара, ғажап үлгілі күйіміздің күмбірі, көңіліміздің жыр-гүліне айналған Астана күн сайын еңсесі биіктеген қалаға айналуы өзімізді сүйсіндіріп, әлем жұртын көркімен тамсандырды. Ол көз алдымызда жыл санап емес, ай санап емес, күн санап, аңызға бергісіз шындықпен өсіп келе жатқан нұрлы қала. Елбасымыз айтқандай, жаңа әлемдегі жаңа

Қазақстанның жаңа Астанасы, әрі жас Астанасы қайсымыздың болса көкірегімізде арайлы рухты оятады. Себебі, өз астанасын мақтаныш етпейтін жан болмаса керек. Алыстан айбынды көрінетін мәдениеттің қайнаған қазаны, жайнап тұрған ажарлы Ақорданы, қаланың қалыптасу жолдарын бүгінгі ұрпақ сезініп, әрбір қазақстандық мақтанышпен айтады. Осы мақсатта алынған мақаланың өзектілігі Астананы шет елдерге жақынырақ таныстыру, туристік саяхатпен келем деушілердің ынтасын арттыру мақсатында шетел ақпарат құралдары мен баспа беттерінде Астананың көз тартар көрікті жерлері мен оны қоршап жатқан курортты өңірлер туралы мәліметтерді ғаламтор желісі арқылы тарату.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Астанасына қарап елін таниды. Астанасының қайда орналасып, қалай өркендеп жатқанынан әр елдің өзінің өткені мен ертеңіне деген көзқарасын аңғартып, өзгелерге деген пейілін сезінеді. Сондықтан да Астана келбеті – ұлт келбеті, мемлекет дидары, халық мақтанышы» [1.636] деп, өз сөзінде айтқандай, елордамыз – Астана қаласын он ойланып, жүз толғанып батыл да батыр шешімге келіп, халқының болашаққа қаймықпай, тайсалмай, еркін адымдауына лайық деп тауып, ежелгі ұлы даламыздың нақ ортасына әкеліп орналастыруы елбасымыздың көрегенділігінің арқасы деп білеміз.

Бүгінде Астана тек еліміздегі ғана емес, әлемдегі әсем де көрікті, ең сәулетті ару қалалардың біріне айналған, Шығыс пен Батыс өркениеттерін байланыстыратын алтын көпір атанған елордамыз Астанамызға барша әлем көз тігіп, тамсанып та, қызыға да қарайды. Елордамызда он жеті жылдың ішінде адам айтса нанғысыз көздің жауын алар әдемі, зәулім үйлері, қыран ұшар биікке өрмелеген. Елорда өзінің бар қасиетімен ерекшелінеді. Астана сан-түрлі арман қиялдарды жүзеге асырып, сан-қилы тағдырларды тоғыстырып жатқан керемет те көркем қала. Сымдай бой түзеген көшелер, жымың-жымың сәулелер. Сарыарқа төсін тіліп аққан ерке Есіл қала көркін асқақтата түседі. Бәйтерекке шығып түнгі Астананың көрінісін тамашаласаңыз, оттары Есіл үстінде жарқ-жүрқ, от шашып құбылып жатқаның көресіз. Шетсіз, шексіз қала құлашын кең жайып, бүкіл Сарыарқаның сауырын ала көсіліп жатыр. Бәйтерек – жер жаһанды кейіптейтін әлем ағашы, Астана көркі, адамды сүйсіндіретін ұлт мақтанышы. Елбасымыздың ұстанған сындарлы саясатының арқасында Астана асқақтап еліміз қарыштап қанатын кеңге жаюда.

Астананың бүгінгі көркі бойымызды тіктеп, жанымызды шымырлатып, сұлулықтың жылы лебімен тербейді, бүгінгі өмірдің талабына үндесе көтерілген ғимараттар көрген жанды баурап алады, көңіл-күйін шарықтата биіктетеді. Адам намысын қозғап, әдет-ғұрып салтымызға, рухани байлығымызға деген құрмет сезіміне бөлеп, сүйіспеншілікке жетелейді.

Ертеңі еңселі Елордамыздың мерейінің өсуі – Қазақстан гүлденуінің темір қазығы. Астана гүлденсе, барлық аймақтарымыздың түрленері, гүлденері сөзсіз.

Аталған тақырып бойынша зерттеудің мақсаты Астананың экономикалық дамуындағы маңызды саласының бірі туризм болып отыр. Астана туристік кластерін дамытудағы басты міндет - Қазақстан астанасында туристік инфрақұрылым жасау, оның ішінде, мәдениет және демалыс саябақтарын, қонақ үйлер, сауда-ойын-сауық және басқа тынығу нысандарын негізге ала отырып, туристік қызметті әлемдік стандарт талабына үйлестіруді мақсат еттім. Астананың жаңа қала болғанына қарамастан, көптеген жетістіктерге жетіп, дүниежүзіне таныла бастағанына куәмін. Алайда, Астанаға келген туристтердің қаланың сәулет, мәдени орындарын, ғимараттар жайлы мәлімет алу, қыр-сырынан танып білу мүмкіншілігі әлі де жеткіліксіз. Сондықтан бұл мақаланың мақсаты Астана қаласындағы туризмді дамыту және Астана қаласының туристік экскурсиясының мүмкіншіліктерін зерттеу болып табылады.

Зерттеудің ғылыми болжамы Астана қаласы экономикасындағы туризмнің үлесін ұлғайту. Астананың туристік имиджін дамыту. Туристік сала кадрларын даярлауға ықпал жасау. Астананың архитектуралық келбетінің жыл сайын жаңғырып, сондай-ақ туристік нысандарының көбеюіне орай туристерге сауатты ақпараттар көзін молайту, қала бойынша саяхат жүргізетін гидтерге арнап әдістемелік құрал және қаланың туристік жол карталарын сауатты, әрі әлемдік стандартқа сай шығару және дамыту.

«Астана – жетістіктер іздестіруге тартымды қала». Бұл тіркес танымал «National Geographic» журналының бетінде жарияланды. Мақала авторы қазақтың бас қаласын

осылай деп бағалапты. Себебі, шетелдік сарапшылардың пікірінше, Астана әлемдегі жедел дамушы, болашағы жарқын қалалар қатарында.

Бүгінгі күні елордада әлемнің жетпіс жеті мемлекетінен келген жүз мыңнан астам шетелдік тұрып жатыр. Дау-жанжалсыз, қақтығыссыз. Астана мәңгілік жастардың, ұлттық рухтың, патриоттық пайым мен пәрменділіктің символындай. Дәл бүгін тәуелсіздігіміздің тегеурінін де, елдігіміздің ерек қасиетін де, жасампаздық жаңғырығын да, жаңаша өмір сүрудің өміршендігін де ерке Есіл жағасында орын тепкен Елорданың еркіндікті аңсаған еңсесін айқын байқауға болады. Елбасының таңдауы түскен Елорда ел жүрегінде, алты Алаштың айбынына, жасампаздықты жалау еткен жастарымыздың арман қаласына айналды.

Сұлу шаһарға көз сала қарасаң, көңілің тояттап, сәулетіне дәулеті сай болған бас қаланың бейнесі кімді де болсын ертегі еліне жетелейтіндей.

1998 жылы Ақмола Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланған соң, қала атауы Астана деп өзгертілді. Қала Сарыарқаның солтүстігінде, Есіл өзенінің бойында орналасқан. Еуропа мен Азияны байланыстыратын тарихи орталық.

Енді Астана қаласының негізгі архитектуралық нысандарына тоқталсам.

«Астана-Бәйтерек» кешенінің биіктігі - 97 метр. Металл, әйнек және бетоннан тұрғызылған «бәйтерек ағашының» жалпы биіктігі 105 метр, салмағы 1000 тоннадан асады. Кешеннің үстіңгі жағында орналасқан алып шар диаметрі - 22 метр, салмағы - 300 тонна. Алып шар «хамелеон» әйнектерінен жасалған. Күн сәулесінің түсуіне байланысты шар түсі ауысып тұрады. Жоба сәулетшісі - Норман Фостер.

2002 жылы ашылған кешен Астана қаласының ғана емес, күллі Қазақстанның нышанына айналды. Мұнара негізгі үш әлемнен құрылған: жер асты, жер және аспан әлемі. Төрт жарым метр тереңдікте орналасқан астыңғы қабатта кафе, аквариум және «Бәйтерек» мини-галереясы орналасқан.

Алып шарға лифт арқылы көтеріліп, үлкен залға еніп, қаланың толық көрінісін көруге болады. Зал ортасында әлемдік діндердің өкілдері қол қойған 17 жапырақты ағаш глобус және қазақ елінің бейбітшілік нышанына айналған «Аялы алақан» - Қазақстан Республикасының тұңғыш президентінің алақанының таңбасы орналасқан.

Елордамыз Астанада Есілдің сол жағалауына орналасып, 1,7 гектар жерді алып жатқан сәулетті әрі байтақ мекен – «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешені деп аталады. Әрине, еліміздің жер көлемінің ұлан-ғайырлығымен салыстырғанда 1,7 гектар деген түк те емес. Бірақ, тәуелсіз республикамыз осында тұтас сыйып тұрғаны үшін әдейі «байтақ» деп отырмын.

Кешенді елорда тұрғындары мен қонақтары үлкен ықыласпен келіп тамашалайтын арнайы орын десек өтірік айтпаймыз. Астанада өтетін қандай да бір шараның аясында, әсіресе, үлкен жиындар қарсаңында қонақтар міндетті түрде осында бас сұғып, еліміздегі 14 облыс пен республикалық маңыздағы Астана, Алматы қалаларының макетімен, сол арқылы еліміздің табиғатымен, өнеркәсіп орындарымен, тарихымен, мәдениетімен танысуды әдетке айналдырған. Тіпті, мұнда өз еркімен, қызығушылықпен кеетін адамдар да көп екенін этнокешеннің 1 мамырда ашылғаннан қарашаның қара суығына дейін қонақ қабылдайтын жұмыс кестесінен аңғаруға болады. Бүгінгі таңда кешенде еліміздің ең маңызды назар аударарлық нысандары бейнеленген 400 макет бар. Оларда ерекше ландшафтар, белгілі тарихи-сәулеттік ескерткіштер, қала құрылысындағы заманауи зәулім ғимараттар орын тепкен [2].

«Қазақ елі» мемориалды кешені. Мәрмәр монумент - кең-байтақ Қазақ жері мен оның халқының бірлігін, болашақта көркейіп, дамуының белгісі. Биіктігі 91 метрге жететін монумент Қазақ елінің 1991 жылы егемендік алғанын бейнелейді. Монумент шыңында алып құс Самұрық, төрт жағында «Алғашқы Президент пен Қазақ халқы», «Қаһарман», «Болашақ» және «Жасампаздық» қола барельефтері қашалған.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың баламасыз бастамасымен дүниеге келген бұл «Қазақ елі» монументі Америкадағы «Азаттық статуясынан» аспаса, кем түскен

жоқ. Бүгінде Тәуелсіздігіміздің тұғырын нықтап, ұранын мықтап тұрған ескерткіштен қазақтың жаны мен арының лебі еседі.

«Хан-шатыр» сауда және ойын-сауық орталығы. Танымал британ сәулетшісі Норман Фостердің жобасымен салынған. Қала орталығында бой көтерген бұл орталық салмағы 2300 тонна болатын металл қондырғылардан тұрғызылған. Шатыр биіктігі 150 метрге дейін жетеді, сыртқы жағы тұтас әйнектермен қапталған.

Қала құрылысының талай ғасырлық тарихында тәжірибеден өткен небір озық үлгілер бүгінде бас қаламыздың келбетінен көрініс табуда. «Бәйтерек», «Пирамида», «Тәуелсіздік сарайы», «Қазақ елі» монументі сияқты әлемдік сәулет өнерінің кестесінен орын алған тамаша өнер туындылары жетерлік. Соның бірі – «Хан Шатыр» ойын-сауық-сауда орталығы болды десек артық айтқандық емес [3.1026].

Есімі дүние жүзіне кеңінен танылған әйгілі архитектор лорд Норман Фостердің қиялынан туған бұл баламасыз архитектуралық өнер туындысы сәні мен салтанатын жарастырып келе жатқан Астана келбетіне айшықты көрініс бергендігі даусыз. «Хан Шатыр» – бүгінде бүкіл Орталық Азиядағы ең маңызды да мәртебелі құрылыс жобасы болып отыр.

Нысан негізінен берік те тұрақты монолиттік металл қондырғыларынан тұрады. Металл қондырғылардың жалпы салмағы 2300 тонна, ал тұтас тұғырға қондырылатын шатырдың биіктігі 150 метр. Норман Фостердің қиялынан туған жоспар бойынша жүзеге асырылған бұл алып құрылыстың ішінде пайдаланылған арнайы жапқыштар мен орнатылған желдеткіш қондырғылар Арқаның құбылмалы ауа райы кезінде кешендегі ауаның температурасын бірқалыпты ұстап тұруға мүмкіндік беруде.

Бұл ғажап құрылыстың салынуына барлық қала тұрғындарымен қатар, әлемнің барлық жетекші сауда компанияларының өкілдері де тағатсыздықпен зор қызығушылық танытты. Тиімді жалға беру, бутиктер мен дүкендерді орналастыру шеберлігі жіті ойластырылғандықтан сауда орындарында дүние жүзіне танымал бренддердің барынша кең көрініс тапқан «Хан Шатыр» орталығында Қазақстанда тұңғыш рет әлемге әйгілі Debenhams сауда желісінің әмбебап дүкені ашылды. Бұл компания 120 жылдан бері жаһандық сауда айналымында өзінің нәтижелі бизнесін сәтті жүргізіп келеді. Осы компания өнімдері сатылатын сауда орталығының көлемі 3 мың шаршы метрді құрап отыр. Сол сияқты мұнда Mudo Concept бренддерін сататын 1 500 шаршы метр аумақта сауда орталығы ашылған. Бұл компания астаналықтарға қонақ-үйлердің, мейрамханалардың, дәмханалардың және барлардың барлық қажетті бұйымдары мен техникаларын ұсынып келеді. Бүкіл сауда алаңы 6 000 шаршы метрден асатын «Хан Шатыр» сауда орталығы шын мәнінде Астанадағы ең үлкен гипермаркетке айналған.

«Хан Шатыр» орталығының 110 мың шаршы метр аумақты құрайтын жабық алаңы алты қабаттан тұрады. Бүгінгі жаһанды жайлаған дағдарысқа қарамастан салынған құрылыс нысаны бүкіл әлемнің қызығушылығын өзіне аудартып отыр.

Бүгінгі таңда сауда алаңдарынан басқа «Хан Шатыр» орталығында «Риксос СПА» фитнес және СПА орталықтары жұмыс істеуде. Ғимараттың әрбір қабатында мейрамханалар мен дәмханалар жұмыс істеуде. Оларда дүние-жүзі асханаларының тәжірибелі аспаздары астаналықтар үшін тіл үйретін дәмді ас дайындап, ұсынып келеді. Ал алтыншы қабатта жүзу бассейні, аквапарк және өте тамаша әмбебап, жабық жағажай орын алған. Осының нәтижесінде бұл орталыққа келіп демалушылар құс жолы биіктігінен Астананың көрікті келбетін тамашалай алуға мүмкіндік алып отыр.

Қазіргі таңда «Хан Шатыр» орталығында бірнеше кинотеатрлар көрермендер үшін дүниежүзіне кеңінен танымал «Старр Синема» компаниясы әлемде шыққан соңғы жаңа фильмдерді ұсынып келеді. Бұл құрылыс ғимараты орналасқан алаңда ғажап шатырмен қатар Астанада баламасы жоқ 38 метр биіктіктегі мұнара орналасқан. Сонымен бірге мұнда саяхат жасайтын монорельсті темір жол, 7 және 4 метр биіктіктегі кедергілері бар суда жүзу орталықтары бар.

Зерттеу нәтижесінен Хан-Шатыр сауда ойын-сауық орталығына демалыс күндері 25000 адам шамасында келеді. Ал жұмыс күндері ең аз дегенде 3000 адамдай келеді.

Көрікті келбетімен көз қуантқан бас қаламыздың сәулетіне сән қосатын бұл тамаша архитектуралық ғимаратта бұдан басқа да қала тұрғындары мен қонақтары бос уақытын барынша көңілді өткізетін ойын-сауық орындары молынан қамтылған. Сәулет өнерінің небір қайталанбас ғажайыптарын тудырған лорд Норман Фостердің осы туындысы даңқты архитектордың тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасына деген шексіз сүйіспеншілігі мен махаббатын көрсетсе керек.

Арнайы қондырғылар ішкі температураны бір қалыпты сақтайды. Алты қабатты орталықта сауда нүктелерімен қатар, ойын-сауық орындары жұмыс істейді.

Думан ойын-сауық орталығы. Еңселі елордамыздың төріндегі «Думан» ойын-сауық орталығы 2003 жылдың мамырында ашылды. Ол бірегей сауықтық кешеннен, ТМД көлемінде теңдесі жоқ океанариумнан, 5D кинотеатрдан, күмбезасты кеңістіктен және басқа да бірнеше нысаннан тұрады. «Думанның» океанариумы «мұхитарал» деп те аталады. Ол – мұхит атаулыдан 3000 шақырымнан астам қашықтықта орналасқан бірден-бір океанариум. Бұл керемет мекенде теңіз жәндіктерінің 100-ден астам түрі тіршілік етеді, олардың жалпы саны 2000-нан асады.

Арқа төсіне көшіп келген теңіз тұрғындары үшін тіршілікке қажеттінің бәрі 11 шақырымдық құбыр арқылы беріледі. Мұндағы су бірегей жүйемен тазартылып, қажетті химиялық құраммен байытылып отырады. Он екі жыл ішінде мұхитаралдағы акулалардың ешқайсысы күйзеліске ұшыраған емес. Океанариумда әрқайсысы 11 аквариумнан тұратын екі ірі көрме аймағы бар. Алғашқысынан пиранья, паку, теңіз шаяны сияқты Оңтүстік Америка мен Оңтүстік-шығыс Азия тұщы суқоймаларының жәндіктерін тамашалауға болады.

Ал екінші аймақта маржандар, теңіз инебалығы, сусиыр, түлкібалық сияқты мекендеушілер бар. Мұхиттың ірі жәндіктерін бас аквариумнан көруге болады. «Думан» мұхитаралы көк теңізді көруге мүмкіндігі жоқ миллиондаған адамның арманын ақиқатқа айналдырды.

Су қоры 3 миллион литрге жететін мұхитаралда теңіз жәндіктерінің 100-ден астам түрі мекен етеді. Әр түрлі көлемдегі 11 аквариумды екі үлкен көрме аймағы мен қалыңдығы жеті сантиметрге жететін 70 метрлік дәліз бар.

Осы ғажайып аквариумдарды тамашалау үшін күніне 3000 адам келеді. Думан океанариумында сонымен қатар бірнеше жыл бойы Джунгли музейі жұмыс істейді. Ол үлкен аумақты қамтыған мұражай ретінде салынды. Онда балаларымен қоса, ата-аналарының да бірге баруына мүмкіндік болды. Бұл музейде экскурсия біткеннен кейін, әртістер тобы шағын көрініс қоятын.

Ал енді қаланың туристік потенциалын зерделейтін болсақ, бұл жыл басындағы кезеңмен салыстырғанда келушілер санының 43,9 пайызға өскенін көрсетеді. Бүгінде қалада туристік қызметпен айналысатын 187 туристік фирма және 21 жеке кәсіпкер бар. Сондай-ақ, қонақтарды орналастырумен шұғылданатын 129 кәсіпорын жұмыс істейді. Жалпы елордаға табан тіреген туристердің жартысынан көбі, яғни 76,2 пайызы іскерлік мақсатпен келеді екен. Тек 21,2 пайызы ғана демалу, емделу мақсатын көздеп келген.

Елбасы осыған байланысты жергілікті басшыларға «Астана жақын уақытта медициналық туризм орталығына айналуы тиіс» деген тапсырма жүктеді. Туризмнің бұл түрін дамыту үшін алдымен маңдайалды медицина орталығы болуы қажет. Астана қаласының медициналық кластеріне кіретін клиникалар жабдықталуы жағынан әлемдік деңгейдегі жоғары талаптарға жауап береді. Республикалық нейрохирургия орталығы бүкіл Орта Азиядағы бірден-бір орталық болып есептеледі. Диагностикалық орталықта орнатылған аппараттар арқылы қатерлі ісікті бастапқы сатысында анықтауға мүмкіндік бар. Кластер құрамындағы әрбір клиникада қолданылатын осы тектес технологиялардың арқасында бұрын тек шетелдерде жасалатын күрделі операцияларды қазақстандық дәрігерлер де жасай алатын күнге жетті [4].

2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық етуін еліміздің халықаралық аренадағы беделінің өскендігінің белгісі және тәуелсіздік алғаннан бергі атқарған істерінің жемісі ретінде қарастырғанымыз жөн. Қазақстан – ТМД және түркітілдес елдердің ішінен кәрі континенттің мұндай беделді ұйымына төрағалық етуге суырылып шыққан тұңғыш мемлекет. Сондықтан да болар, ұйымға мүше болып табылатын 56 мемлекет жаңа төрағаның бастамалары мен ұсыныстарына, ел бірлігі төңірегінде атқарып жатқан іс-әрекеттеріне үлкен қызығушылық танытып отыр.

Қорыта айтқанда, халық Астананы тәуелсіздігіміз бен ел бірлігінің тұғыры, Отан жүрегі, мемлекет символы, ұлттық рух пен сананың сарқылмас көзі, еліміздің жаңару белгісі, халқымыздың жасампаз әлеуетінің куәгері, жас ұрпағымыздың болашаққа ұмтылысының көрінісі, реформа локомотиві деп біледі.

Қысқа уақытта ғасырға татырлық игі істер атқарылды. Еуразия кіндігінде ертегі қала, арман қала, Қазақстан тәуелсіздігінің тұғыры, Президентіміздің төл тумасы – Астана бой көтерді. “Астана” энциклопедиясы үшін жазған алғысөзінде Елбасы “Тәуелсіздік жылдары елімізде түбегейлі әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жүргізілді. Бұл оң өзгерістердің мазмұны терең, мәні зор. Біздің өзіміз де өзгеріп жатырмыз. Халықтың жүрегіне сенім мен үміт ұя салды. Біз балаларымыздың болашағы өз қолымызда екенін түсіндік. Соның бір жарқын көрінісі – Астана” деген болатын. Ендеше, сымбатты да көркем елордамыз өзінің салиқалы саясатымен тәуелсіздігіміздің тұғырын, ел бірлігін нығайта берсін!

Қолданылған әдебиет:

1. Н.А.Назарбаев. Еуразия жүрегінде. – Алматы «Атамұра», 2005. – 192б.
2. «Астана. Елорда сәулеті» Астана «Арман-ПВ» 2007.-118б
3. Астананың тарихи-мәдени мұрасы: ескерткіштер жинағы – Астана: ЖК «Самрад» 2011ж.
4. www.vizitkazakhstan.nur.kz

ӘӨЖ 338.486

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ-ЭТНИКАЛЫҚ ТУРИЗМ

Жакия Мухаммедрахман Рамазанұлы

roha_1998@mail.ru

Шоқпаров Ілияс Ғабиденұлы

brucelee98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультетінің, туризм мамандығының

1 курс студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Рустемова Сабира Муратовна

Бүгінгі таңда мемлекет туристік қызметтерді көрсетудің сапалық деңгейін жақсарту үшін қажетті жағдайлардың кең спектрін жетілдіру бойынша белсенді жұмыс жүргізу үстінде. Дегенмен, Қазақстандағы аталмыш саладағы басым және әлеуеті жоғары болып табылатын этникалық, мәдени және экологиялық туризмнің даму ырғағы біршама төмен деңгейде қалып отыр.

Сонымен қатар, аталған бағытта тиімді жұмысты жолға қоймайынша біздің елімізде ауқымды және бұқараға белгілі мәдени-туристік кешен құру мүмкін емес екенін айта кету керек.

Қазіргі кезде экологиялық және мәдени туризмнің ойын-сауық және туристік индустрияда алатын орны зор. Біз осы салада әлеуеті тартымды мемлекет бола отырып, осындай маңызды мәселе бойынша жұмыс жасау мүмкіндігін қалт жібермеуіміз керек.